Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің «Республикалық қосымша білім беру оқу-әдістемелік орталығы» РМҚК 2015 жылғы қызметі туралы ақпарат

Республикалық қосымша білім беру оқу-әдістемелік орталығы (бұдан әрі - РҚББОӘО) **қызметінің мақсаты**: балаларға қосымша білім беру жүйесін бағдарламалық-әдістемелік, ұйымдастыру-мазмұндық және ақпараттық құралдармен қамтамасыз ету арқылы дамыту.

Міндеттері:

1) ҚББ жүйесін ғылыми-техникалық, туристік-өлкетану, экология-биологиялық, әлеуметтік-педагогикалық, әскери-патриоттық, көркемөнер-эстетикалық бағыттары бойынша **бағдарламалық-әдістемелік және ақпараттық құралдармен қамтамасыз ету;**

2**) республикалық іс-шараларды ұйымдастыру және өткізу;**

3) балаларға қосымша білім беру жүйесіндегі педагогикалық қызметкерлердің **біліктілігін арттыру курстарын ұйымдастыру.**

Қойылған міндеттерді іске асыру мақсатында **2015 жылы** төмендегідей жұмыстар атқарылды.

Балаларға қосымша білім беру саласында **2015 жылы** республикада **айтарлықтай жетістіктерге қол жеткізілді**.

1. Балаларды жалпы қамту - **61,9%** оқушы (*2014 ж. - 60,5%)*, оның ішінде мектептен тыс ұйымдарда - **24,5%** *(2014 ж. - 23,9%),* мектеп үйірмелерінде - **37,4%** *(2014ж.- 36,6%)* қамтылды.

2. Ағымдағы жылы қосымша білім берумен **1 700 573** бала айналысуда, ол 2014 жылмен салыстырғанда ***109 849*** балаға артқан *(2014 ж. - 1 590 724).*

3. Мектептен тыс ұйымдар желісі 2014 жылмен салыстырғанда **27 бірлікке артқан** *(2015ж.-860, 2014ж.-833).*

4. Мектептен тыс ұйымдарда қосымша білім берумен Батыс Қазақстан *(60,4%),* Солтүстік Қазақстан *(42,9%)*, Қостанай (38,2%), Павлодар (*36,7%*), Ақтөбе (*32,2%*) облыстарында жоғары қамтылған.

5. **Жағымды үрдіс** Жамбыл (+9 бірлік), Алматы (+2 бірлік), Атырау (+2 бірлік), Қызылорда (+2 бірлік) облыстарында байқалады.

6. Типтік ғимаратта орналасқан ұйымдардың саны **30 бірлікке артқан** (2015 ж.- 351, 2014 ж. – 321).

7. Күрделі жөндеуді қажет ететін ұйымдар саны **6 бірлікке кеміген** *(2015ж.- 103, 2014 ж. – 109).*

8. Мектептен тыс ұйымдардың **материалдық жарақтандырылуы 78,6%-ды** *(2014 ж. – 64,8%, ауылдарда– 52,0%)* құрайды.

9. **Балалардың, ата-аналар мен қоғамның** қосымша білім беруге **қызығушылықтары артқан.**

10. Қосымша білім беру ұйымдарына даму мүмкіндігі шектеулі балаларды тарту жөніндегі **жұмыстар белсендірілген**.

I. Министрліктің тапсырысы бойынша:

балаларға қосымша білім беру бағдарламаларын жүзеге асыратын білім беру ұйымдарының басшылары мен педагогтері үшін **13 әдістемелік** ұсынымдар, білім беру жүйесін басқару органдарының мамандары үшін балалардың статистикалық есебін жүргізу бойынша **1** нұсқаулық, оқушыларға арналған «Экоәлем» және «Темірқазық» балалардың танымдық журналдарының **4** нөмірі, музыка мектептері үшін **5** білім беру бағдарламасы **әзірленді;**

www.ziyatker.org сайтының контенті (портал) жаңартылған және толықтырылған;

жас туристер мен өлкетанушыларға, балалар театрының жас әртістеріне, әскери-патриоттық клубтары тәрбиеленушілеріне, жас техниктер мен өнертапқыштарға арналған республикалық **4** іс-шара **өткізілді,** оған **512** бала қатысты, оның ішінде **137** бала жеңімпаз атанды;

балаларға қосымша білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарының **300** басшылары мен педагогтеріне арналған **6** біліктілікті арттыру курстары **ұйымдастырылып өткізілді.**

II. Сонымен қатар, Орталық ұйымдастырған және өткізген:

Қашықтықтан өткізілетін 66 интернет-байқауға 14 848 білім алушылар мен педагогтер қатысты, оның ішінде **3 839-ы** жеңімпаз атанды.

www .ziyatker.org сайтында жас натуралистер, туристер, техниктер мен өнертапқыштар, музыканттар, суретшілер, әскери-патриоттық клубтардың, коллекционерлердің **электронды клубтары жұмыс істейді.** Осылайша, қосымша білім берудің барлық бағыттары бойынша балаларға арналған білімдік ғаламтор қоғамдастықтары құрылды.

Балаларға қосымша білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарының **1 154** басшылары мен педагогтеріне арналған **24 қысқа мерзімді** біліктілікті арттыру **курстары** және **1 семинар-практикум ұйымдастырылып өткізілді.**

Балалар-жастар туризмін және балалардың ғылыми-техникалық шығармашылығын дамыту мақсатында **әзірленді және бекітілді:**

- Балалар мен жастардың ғылыми-техникалық шығармашылын және балалар-жасөспірімдер туризмін дамыту бойынша 2015-2018 жылдарға арналған тұжырымдамалық тәсілдері *(ҚР БҒМ 10.02.2015 ж. № 60 бұйрығы);*
- Қазақстан Республикасында балалар мен жасөспірімдердің ғылыми-техникалық шығармашылығы жүйесін дамыту бойынша 2015-2018 жылдарға арналған **іс-шаралар жоспары** ;
- Қазақстан Республикасындағы балаларға қосымша білім беруді дамытудың **стратегиялық тәсілдері**
- Ақтөбе, Батыс Қазақстан, Жамбыл, Қарағанды, Павлодар облыстары мен Астана және Алматы қалаларында қосымша білім беру бағыттары бойынша Республикалық үйлестіру кеңестерінің, жұмыс топтарының **15 кеңейтілген отырыстары** ұйымдастырылды және өткізілді.
- **Балалардың шығармашылығы мен балалар-жасөспірімдер туризмі** жүйесін дамытуға тұжырымдамалық тәсілін жүзеге асыру бойынша 2015-2018 жылдарға арналған **өңірлік жоспарларды** жинау іске асырылды;

- Қосымша білім беру ұйымдары мен педагогтардың **оң тәжірибелері зерделеніп, жинақталды** *(Ақтөбе қ. Техникалық шығармашылық орталығы, Қарағанды облысы Сарань қ., Жас техниктер станциясы, Павлодар қ., Балалардың техникалық мектебі, Батыс Қазақстан облысындағы Балалар-жасөспірімдер туризмі және экологиясы орталығы).*

Балаларға қосымша білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарының қызметін сапалы үйлестіру мақсатында мүдделі органдар және ұйымдармен қосымша білім беру жүйесін қолдау саласында өзара ынтымақтасу және бірлесіп жұмыс жүргізу туралы **10 меморандумға қол қойылды**:

1) ҚР ІІМ Әкімшілік полициясы комитеті;
2) Қазақстан Республикасы Ұлттық спорттық туризм федерациясы;
3) Қазақстан Республикасы Әскери-спорттық клубтар федерациясы;
4) Мемлекеттік «Челябинск облысының Жасөспірімдер техникалық шығармашылығы үйі» балаларға қосымша білім берудің бюджеттік оқыту мекемесі;
5) «3DPrint Alliance» ЖШС;
6) «Кемеңгер» қосымша білім беру ақпараттық-оқыту орталығы» ЖШС;
7) «Академик Е.А.Букетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университеті» РМК.
8) Алматы қаласындағы Колледждер ассоциациясы;
9) Республикалық қоғамдық бірлестігі «КазРоботикс» білім беру және спорттық робототехника бойынша Қазақстандық федерация»;
10) «Алматы Бизнес Консалтинг» ЖШС.

Балаларға қосымша білім беру жүйесін дәріптеу мақсатында ақпараттық-насихат жұмысына талдау жүйелі жүргізілуде. Қосымша білім берудің барлық бағыттары бойынша қосымша білім беру ұйымдарының қызметтері туралы БАҚ-та 900-ден астам мақала, пресс-релиздер, ақпарат, 50 бейнеролик, жаңалықтар, 4000 фотосурет жарияланды.

Астана қаласының № 29, 40, 42, 61, 71 мектептерінде ҚР ІІМ-мен бірлескен «Кәмелетке толмағандар арасында құқық бұзушылықтың алдын-алуда бос уақыттарын өткізу қызметінің маңызы» пилоттық жобасы іске асырылуда.

«3DPrint Alliance» ЖШС-мен «3D принтер» инновациялық бағдарламасын жүзеге асыру аясында білім алушылардың креативтік ойлауын дамыту мақсатында Астана қаласының №32 мектеп-гимназиясында пилоттық жоба іске қосылды.

Ақпаратқа қосымша

I. 008 «Білім беру жүйесін методологиялық қолдау» бюджеттік бағдарламасының 101 «Білім беру қызметтерін әдістемелік қолдау және сапасын талдау» кіші бағдарламасы бойынша **18.05.2015 ж. № 219** қызмет шартын орындау мақсатында **әзірленді:**

1) «Балалар жазғы лагерінде тәрбие және бейіналды жұмысты ұйымдастыру» (8 б/б) әдістемелік ұсынымдары.

Әдістемелік ұсынымдар балалардың жазғы демалысын белсенді, шығармашыл, эмоцияға толы етіп ұйымдастыру, балалардың шығармашылық қабілеттерін ашу, олардың қызығушылығын қанағаттандыруға негізделінген әдістемені қамтиды.

Қызығушылығын қанағаттандыруға негізделінген және мектепте іске асырылмай қалған рухани, зияткерлік, қимылдау позитивтік қажеттілігі әр жеке тұлғаның бейіндік өзгертудің ойын модельдері түрінде ұсынылады: шығармашылық шеберханалардағы жұмыс, сауалнамалар, ойын байқаулық бағдарламалар, спорттық релелік, театр, кинотеатр, музейлерге, т.б. бару. Әдістемелік ұсынымдар басшыларға, әдіскерлерге, тәлімгерлерге, қосымша білім беру педагогтері мен ата-аналарға арналған.

2) Қосымша білім беру бағдарламаларын жүзеге асыратын ұйымдардағы балалардың статистикалық есебін жүргізу бойынша нұсқаулық (6 б/б).

Нұсқаулық аудандық, қалалық білім бөлімдері және облыстық Білім басқармаларының тәрбие беру жұмысы жөніндегі мамандарға, директорлардың тәрбие ісі жөніндегі орынбасарларына, меншік нысандары мен ведомстволық бағыныстылығына қарамастан жалпы орта және қосымша білім беру ұйымдарының басшыларына көмекші құрал ретінде әзірленген.

Нұсқаулықта қосымша біліммен қамтылған балаларды анықтау мониторингін жүргізу, олар туралы мәліметті қалыптастыру, есеп нысандарын толтыру үлгілері туралы толық түсініктемелер ұсынылған.

3) «Білім беру ұйымдарында балалардың туристік-өлкетану қызметін ұйымдастыру бойынша білім беру бағдарламалары» әдістемелік ұсынымдары (8 б/б) туристік-өлкетану бағытындағы қосымша білім беру бағдарламаларын жүзеге асырушы білім беру ұйымдарының әдіскерлері мен педагогтеріне әдістемелік көмек көрсету үшін құрастырылған.

Туристік және өлкетану бағытындағы қосымша білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарының әдіскерлері мен педагогтеріне әдістемелік көмек көрсету мақсатында жасалынған. Ұсынымдар туристік және өлкетану балалардың функционалдық сауаттылығын дамытуға білім беру бағдарламаларын әзірлеу бойынша нұсқаулар береді. Оларда қосымша білім беру педагогтерінің аталған бағыт бойынша үздік тәжірибесі, авторлық оқу бағдарламалары ұсынылған.

4) «Білім беру ұйымдарында балалардың туристік-өлкетану қызметін ұйымдастыру» әдістемелік ұсынымдары (9 б/б) мектеп директорлары мен директордың орынбасарларына, орталық және жас туристер станцияларының басшыларына, балаларға қосымша білім беру ұйымдарының әдіскерлеріне, педагогтеріне арналған.

Аталған ұсынымдар педагогикалық қызметкерлерді оқушылар арасындағы туристік және өлкетану жұмыстарының басымдылығына бағдарлайды. Онда жалпы білім беретін мектептердің және қосымша білім беру ұйымдарының білім алушылары мен туристік және өлкетану жұмыстарын ұйымдастыру бойынша ұсынымдар ұсынылған. Сонымен қатар, балаларды туристік және өлкетану жұмыстарға тартуға ықпалын тигізетін, балалар мен жасөспірімдер бастамасын қолдау, алға жылжыту және танымал ету арқылы педагогтердің туристік және өлкетану жұмыстарын дамытудағы ең үздік тәжірибе ұсынылған.

5) «Балаларға арналған инновациялық парктерде балалардың техникалық шығармашылығы жүйесін дамыту» әдістемелік ұсынымдар (7 б/б) .

Әдістемелік ұсынымдарда балалар инновациялық парктеріндегі балалардың техникалық шығармашылығын дамыту бағыттарындағы басымдықтарын жан-жақты ашады, республикадағы балаларға қосымша білім беру жүйесіндегі ғылыми-техникалық бағыттағы инновациялық технологиялардың негізгі тетіктерін іске асырады.

Ұсынылған материал білім беру ұйымдарының басшыларына, балаларға қосымша білім беру жүйесі әдіскерлеріне және педагогтеріне жолданады.

6) «Балаларға қосымша білім беру жүйесіндегі кәсіби бағдарлау қызметі» әдістемелік ұсынымдар (7 б/б) қосымша білім беру жағдайындағы бағыттар бойынша оқушыларды кәсіби бағдарлау әдістемесін қамтиды. Кәсіби бағдарлау жұмысын өткізу әдістемелік тізімі мемлекеттің түрлі өңірлеріндегі білім беру ұйымдарының тәжірибесін үйрену негізінде құрастырылған.

Әдістемелік ұсынымдар балаларға қосымша білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарының балаларға басшыларына, білім беру ұйымдарының әдіскерлері мен педагогтеріне арналған.

7) «Балалардың ғылыми-техникалық шығармашылығының білім беру бағдарламалары» әдістемелік ұсынымдар (8 б/б).

Әдістемелік ұсынымдар қосымша ғылыми-техникалық білім беру жағдайларындағы балалардың функционалдық сауаттылығының дамуын ескере отырып білім беру бағдарламалары бойынша басшылық етуді қамтиды. Әдістемелік ұсынымдар балалардың ғылыми-техникалық шығармашылық жүйесіндегі инновациялық модельдерінің спектрін кеңейтуге бағытталған және балаларға жалпы орта және қосымша білім беру ұйымдарының басшыларына, әдіскерлері мен педагогтеріне арналады.

8) «Жалпы білім беретін мектептерде балалардың сабақтан тыс бос уақыттарын ұйымдастыру» әдістемелік ұсынымдар (8 б/б).

Әдістемелік ұсынымдар білім беру ұйымдарының балалардың сабақтан тыс уақыттарын қамту үрдістерін жүзеге асырушы педагогикалық қызметкерлерге арналады. Әдістемелік нұсқауларда білім беру ұйымдарының заманауи үрдісі – сабақтан тыс қызметін жетілдіру ұсынылған. Бәсекеге қабілетті оқушының дамуына бағытталған объективтік және субъективтік негіздер анықталған.

9) «Балаларға экологиялық білім берудің заманауи бағыттары: энергияның балама көздері» әдістемелік ұсынымдар (7 б/б).

Әдістемелік ұсынымдар балаларға қосымша білім беру әдіскерлері мен педагогтеріне арналған. Онда экологиялық білім берудегі энергияның баламалық көздерін пайдаланудың халықаралық және отандық тәжірибелерін ашатын материалдар ұсынылған, балаларға қосымша білім беру жүйесіндегі оқушылардың экологиялық тәрбиесінің түрлері мен әдістері бейнеленген.

10) «Қазақстан Республикасында балаларға қосымша білім беруді дамыту стратегиясы» әдістемелік ұсынымдар (8 б/б).

Әдістемелік ұсынымдар балаларға қосымша білім берудегі балаларға одан әрі білім беру, білім жүйесіндегі оның орны мен рөлі жөнінде пікір жиынтығын көрсететін тұжырымдалық құжат болып табылады.

Балаларға қосымша білім беруді дамыту стратегиясы балаларға қосымша білім беру мемлекеттік саясатты іске енгізуге бағытталған, балаларға қосымша білім беру мәселелеріне мемлекеттік органдардың, қоғамның, бизнес-қауымдастықтың назарын аударуға әзірленген. Балаларға қосымша білім берудегі дамыту стратегиясы балаларға қосымша білім беру жүйесіндегі мақсатын, міндеттерін,принциптері мен идеясын, маңызды және нәтижелі басымдықтарын, Қазақстан Республикасының балаларға қосымша білім беруді дамытудың өнімді тетіктерін анықтайды.

Әдістемелік ұсынымдар меншік нысанына және бағыныстылығына қарамастан, аудандық, қалалық, облыстық білім беру басқармаларының тәрбие жөніндегі мамандарына, директорларға, директордың тәрбие жөніндегі орынбасарларына, білім беру ұйымдарының жетекшілеріне арналған.

11) «Қазақстан Республикасында балаларға қосымша білім беру: жағдайы және болашақ дамуы» әдістемелік ұсынымдар (12 б/б).

ӘдістемелікұсынымдардаҚазақстан Республикасындағы балаларға қосымша білім беру жүйесін талдау, оның ағымдықазіргі жағдайы, бағыттары ұсынылған. Оқушылардың кәсіби бағдарлануын іске асыруда балаларға жалпы орта, кәсіптік-техникалық, жоғары және қосымша білім беру ұйымдарының қызметіндегі интеграциялау рөлі қарастырылған. Әдістемелік ұсынымдар балаларға қосымша білім берудің білім беру процесімен айналысатын оқу орындарының кең ауқымды болып табылатын педагогикалық қызметкерлерге арналады.

12) «Балаларға қосымша білім беру жүйесінде ата-аналар қоғамдастығы және азаматтық қауымдастығымен ынтымақтасу әдістемесі» әдістемелік ұсынымдар (8 п/л).

Әдістемелік ұсынымдар балаларға қосымша білім беру саласындағы білім беру ұйымдары мен органдардың, азаматтық қауымдастық, ата-аналар қоғамдастығы мен өзара ынтымақтастығының тиімді тетігін анықтайды.

Әдістемелік ұсынымдар басшыларға, әдіскерлерге, білім беру ұйымдарының педагогтеріне және ата-аналарға жолданған.

13) «Даму мүмкіндігі шектеулі балалар мен «тәуекел топтар» арасындағы балаларды қосымша білім берумен қамту жүйесін дамыту» әдістемелік ұсынымдары (8 б/б).

Даму мүмкіндігі шектеулі балалар мен «тәуекел топтар» арасындағы балалармен тәлімгерлік пен еріктілер жұмысын ұйымдастыру бойынша жұмыс тәжірибесі қарастырылады. Әдістемелік ұсыным мектеп директорлары мен олардың орынбасарларына, педагог-ұйымдастырушылар, әдіскерлер, әлеуметтік педагогтар, психологтар, жалпы білім беретін мектептер мен балаларға қосымша білім беру ұйымдарының басшыларына арналған.

14) «Темірқазық» және «Экоәлем» балалардың танымдық журналдары (№1, №2, №3, №4).

Танымдық журналдар ғылыми-техникалық және экология - биологиялық шығармашылыққа қызығушылық танытқан оқушыларға, техникалық үйірмелердің жетекшілеріне, жас натуралист станцияларының, физика, математика, химия, биология және экология пәндері мұғалімдеріне арналады.

Танымдық журналдарды әзірлеу мақсаты:

- балалар мен жасөспірімдердің ғылыми-техникалық, экология - биологиялық шығармашылығы мен өнертапқыштықтың дамуына әсерін ықпал ету;

- заманауи ғылым және техника жетістіктерімен келешек ұрпақты таныстыру, ғылыми-техникалық, экология-биологиялық шығармашылығына ниеттеу, кәсіби бағдарына көмек көрсету;

- балалардың және жасөспірімдердің ғылыми-техникалық, экологиялық, биологиялық шығармашылық саласындағы жасалынған жұмыстар мен технологияларға ақпараттық қолдау көрсету;

- балаларға қосымша білім беру саласындағы балалардың, олардың тәлімгерлерінің және мамандардың техникалық, экологиялық - биологиялық шығармашылық бағыттағы өзара тәжірибе алмасу.

Журнал көлемі - 60 беттен кем емес.

«Темірқазық» - модельдеу, техникалық шығармашылық және өнертапқыштық саласындағы оқушылар мен мамандарға арналған балалардың ғылыми-танымдық журналы.

Балалардың **«Темірқазық»** және **«Экоәлем»** журналдары ғылыми-техникалық, экология - биологиялық шығармашылық саласындағы балаларға қосымша білім беру, олардың тәлімгерлерінің және мамандардың ақпараттық қолдау көрсетуін, тиімді және жедел сындарлы тәжірибе алмасуын қамтамасыз етеді.

4 журналдың нөмірі әзірленді, электронды нұсқалары балаларға арналған «www.ziyatker.org» ғылыми-танымдық сайтында (порталда) орналасқан.

15) Орталықтың www.ziyatker.org сайтының (портал) контентін жаңарту мен толықтыру бойынша жүйелі түрде жұмыс жүргізілуде

Балаларға арналған ғылыми-танымдық www.ziyatker.org сайты (портал) білім мен ғылымның әртүрлі салаларындағы шығармашылыққа қызығушылық танытатын білім алушылар мен педагогтерге арналған. Сайт (портал) қазақ және орыс тілдеріндегі материалдармен танысу мүмкіндігіне ие.

Балаларға арналған ғылыми-танымдық сайтының (порталы) мақсаты: оқушылар үшін интерактивті жұмыс жағдайын, форумда талқылау жүргізуге, ақпарат салуға, мақалалар, ғылыми жобалар орналастыруға, қашықтықтан өткізілетін байқаулар және т.б.

Есепті кезеңде сайтты **114 350** интернет-қолданушылар болды.

Сайтқа **50** тақырыптық бейнероликтер, **4000** фотосуреттер, **840**-тан аса құжаттар (мақалалар, әдістемелік ұсынымдамалар анонсы, презентациялар, жаңалықтар, республикалық байқаулар, пресс-релиздер) орналастырылған.

Балаларға арналған ғылыми - танымдық www.ziyatker.org «Жұлдыз», «Жасыл планета», «Ерлік», «Балalife», «Ұстаз-Шәкірт», «Акварель», «Жас саяхатшы», «Эврика», «Ақындар мен жазушылар», «Галерея» клубтарының контенты үнемі толықтырылып отырады.

Сайтта:

- Балалар мен жастардың ғылыми-техникалық шығармашылын және балалар-жасөспірімдер туризмін дамыту бойынша 2015-2018 жылдарға арналған тұжырымдамалық тәсілдері;

- ҚР балалар-жасөспірімдер туризмін дамытудың 2015-2018 жылдарға арналған тұжырымдамалық тәсілдері;

- Қазақстан Республикасындағы балаларға қосымша білім беруді дамытудың тәсілдері

- Қосымша білім беру бағдарламаларын іске асырушы білім беру ұйымдары басшыларының Республикалық үйлестіру кеңестерінің материалдары;

- балалар үшін іс-шаралар мен педагогтер үшін біліктілікті арттыру курстарының материалдары;

- Балаларға қосымша білім беру бағдарламаларын іске асырушы білім беру ұйымдары педагогтерінің ең үздік тәжірибелері орналастырылған.

II. 008 «Білім беру жүйесін методологиялық қолдау» бюджеттік бағдарламасының 101 «Білім беру қызметтерін әдістемелік қолдау және сапасын талдау» кіші бағдарламасы бойынша **14.12.2015 ж. № 418** қызмет шартын орындау мақсатында **әзірленді:**

16) Балалар музыка мектептері және балалар өнер мектептерінің музыка бөлімдеріне арналған «Орыс халық аспаптар оркестрі» пәні бойынша білім беру бағдарламасы. Білім беру бағдарламасы балалар музыка мектептері мен балалар өнер мектептерінің Үлгілік оқу жоспарларына сәйкес әзірленген. Бағдарлама мақсаты – білім алушылардың рухани мәдениетін халық музыка аспаптарында ойнау арқылы байыту.

17. Балалар музыка мектептері және балалар өнер мектептерінің музыка бөлімдеріне арналған «Фортепиано» пәні бойынша білім беру бағдарламасы. Білім беру бағдарламасы балаларға арналған музыка мектептері мен балалар өнер мектептерінің музыка бөлімдері үшін Үлгілік оқу жоспарларына сәйкес әзірленген.Бағдарламаның мақсаты – білім алушылардың табиғи мүмкіндіктерін есепке ала отырып жалпы музыкалық дамыту, пианинода орындаушылық өнер негіздеріне үйрету, тұлғаның жалпы рухани мәдениеті бөлігі ретіндегі музыкалық-эстетикалық санасын қалыптастыру.

18. Балалар музыка мектептері және балалар өнер мектептерінің музыка бөлімдеріне арналған «Орыстың халықтық аспабы: баян» пәні бойынша білім беру бағдарламасы. Білім беру бағдарламасы балалар музыка мектептері мен балалар өнер мектептерінің Үлгілік оқу жоспарларына сәйкес әзірленіп, 6-18 жастағы оқушылар үшін бес жылдық оқыту мерзіміне есептелген.

Бағдарламаның мақсаты - білім алушыларға музыка білімін берудің қол жетімділігі, ашықтығы және қызықтыра алу дәрежесінің жоғары сапасы арқылы шығармашылық өзін-өзі жүзеге асыруын қамтамасыз ету.

19. Балалар музыка мектептері және балалар өнер мектептерінің музыка бөлімдеріне арналған «Үрлемелі аспап: труба» пәні бойынша білім беру бағдарламасы. Білім беру бағдарламасы балалар музыка мектептері мен балалар өнер мектептеріне арналған Үлгілік сабақ жоспарына сәйкес әзірленген.

Бағдарламаның мақсаты – трубада ойнаудың музыкалық орындаушылық білімі,ептілігі және дағдылары арқылы бала тұлғасын дамыту, қызығушылығын ояту арқылы музыкалық мәдениетке жақындату, эстетикалық талғамын қалыптастыру.

20. Балалар музыка мектептері және балалар өнер мектептерінің музыка бөлімдеріне арналған «Эстрадалық вокал» пәні бойынша білім беру бағдарламасы. «Эстрадалық вокал» пәні бойынша білім беру бағдарламасы музыкалық өнер саласындағы кәсіби орта білім беру беру негізгі білім бағдарламасы мен әзірленген бағдарлама сабақтастығын қамтамасыз етуді есепке ала отырып әзірленген және 5 жылдық оқытуға арналған.

Бағдарлама мақсаты – баланың шығармашыл орындаушылық мүмкіндіктерін анықтау және іске асыру, концерт үшін вокалдық эстрадалық шеберлікті және болашақ кәсіби қызметтерін тәжірибе жүзінде игеру.

III. 19.05.2015ж. № 220, 222 қызмет көрсету шарттарын орындау мақсатында 023 «Мемлекеттік білім беру ұйымдары кадрларының біліктілігін арттыру және қайта даярлау» бюджеттік бағдарламасы аясында республиканың қосымша білім беру педагогтері мен басшылары үшін біліктілікті арттыру курстары ұйымдастырылып өткізілді:

1) «Қазақстан Республикасында балаларға қосымша білім берудің сапасы мен тиімділігін қамтамасыз ету» (Астана қ., 2015 ж. 18-27 мамырда № 48 мектеп базасында). Тыңдаушылар саны – 50 адам.

2) «Білім беру ұйымдарында туристік-өлкетану бағыты бойынша инновациялық педагогикалық технологиялар» (Астана қ., 2015 ж. 18-27 мамырда Жас туристер станциясы базасында). Тыңдаушылар саны – 50 адам.

3) «Балаларға экология-биологиялық бағытта қосымша білім беру ұйымдарындағы педагогикалық технологиялар» (Орал қ.,2015 ж. 18-27 мамыр, Облыстық экология-биологиялық орталығының базасы).Тыңдаушылар саны – 50 адам.

4) «Балаларға қосымша білім беру жүйесінде ата-аналар қоғамдастығы және азаматтық қауымдастығымен ынтымақтасу әдістемесі» (2015 ж. 1-10 маусым, Астана қ. № 60 мектеп-гимназия базасы). Тыңдаушылар саны – 50 адам.

5) «Білім беру ұйымдарында балалардың техникалық шығармашылығын дамыту» (2015 ж., 7-16 қыркүйек, Қарағанды қ.). Тыңдаушылар саны – 50 адам.

6) **«Қосымша білім беру жүйесінде балалардың әлеуметтік-тұлғалық дамуы» (**2015 ж., 7-16 қыркүйек, Қарағанды қ.). Тыңдаушылар саны – 50 адам.

IY. 2015 ж.06.04. №166, 167, 168 қызмет шартын орындау мақсатында 010 «Республикалық мәні бар мектеп олимпиадалары, байқаулар, республикалық маңызы бар мектептен тыс **іс-шаралар өткізілді:**

1. Республикалық балалардың өнер фестивалі (театр) 2015 жылғы 9-10 сәуір, Астана қаласы.

Байқау мақсаты: балалардың театралдық шығармашылығын қолдау және дамыту, өскелең ұрпақтың рухани-адамгершілік, эстетикалық тәрбие факторы, жеке тұлғаның үйлесімді дамуы, өзін-өзі көрсету үшін бірегей қабілеттерін қалыптастыру және дамыту, эстетикалық және көркем дүние арқылы әлемді тану.

Республикалық балалардың өнер фестивалінде (театр) республиканың 16 театр ұжымдары қатысты. Қатысушылардың жалпы саны **-128,** оның ішінде 112

оқушылар, 16 педагог. Павлодар, Батыс Қазақстан, Ақмола, Қарағанды, Жамбыл областары және Астана қаласы фестиваль лауреаттары атанды.

Жеңімпаздар Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрлігінің Республикалық қосымша білім беру оқу-әдістемелік орталығының дипломымен және бағалы сыйлықтармен марапатталды.

«Ең үздік ер рөлі», «Ең үздік әйел рөлі», «Екінші жоспардағы ең үздік рөлі», « Ең үздік актерлік образды келтіру», «Ең үздік сахналық костюм», «Ең үздік хореография» атты номинациялар бойынша жекеленген қатысушыларға дипломдар мен сыйлықтар тапсырылды.

Театр ұжымдарының басшылары аралығында «Ең үздік сахналық композиция, сахналық сценарий», «Ең үздік режиссерлік қойылым жұмысы», «Ең үздік хореография, спектакльдің пластикалық шешімі», «Спектакльді ең үздік музыкалық ресімдеу», «Спектакльді ең үздік көркемдік ресімдеу».

Фестиваль аясында шеберлік мектебі мен тәжірибе алмасу мақсатында Қазақ Ұлттық өнер университетінің үздік оқытушы - педагогтері мен оқушыларға арналған шеберлік сыныбын өткізді.

2. Туристік-өлкетанушы экспедициялық жасақтардың «Менің Отаным – Қазақстан» республикалық слеті (бұдан әрі - Слет**) 2015 жылғы 9-11 сәуірде, Батыс Қазақстан облысының Орал қаласында.**

Байқау мектеп оқушыларының патриоттық сезімін оятуға және азаматтылық қасиеттерін қалыптастыруға, экспедициялық жасақтардың салауатты өмір салтын насихаттау жолымен туристік және өлкетанушылықты белсендіру, балалардың тұрақты қызығушылығын қалыптастыру және ерте бастан кәсіби бағыттау, құндылық бейімделу, жас ұрпақтың адамгершілігін және мәдениеттілігін дамыту. Туристік-өлкетанушылық экспедициялық жасақтардың «Менің Отаным – Қазақстан» республикалық слетінде республикадан 16 топ қатысты. Қатысушылардың жалпы саны – **128** адам.

Слеттің жабылу салтанатында жеңімпаздар дипломдар және бағалы сыйлықтармен марапатталды. Жеңімпаздар «Жас өлкетанушы», «Орал өңірі - туристік өлке», «Қазақстан халқы достығы фестивалі», «Жартасқа өрмелеу», «Жылдамдық» және «Қиындық», «Омпы» және «Қалашық» халық ойындары.

Слеттің барлық қатысушыларына қатысқандары үшін сертификаттар, слеттің жеңімпаздарын дайындаған жетекшілерге алғыс хаттар тапсырылды.

3. «Жас ұлан» әскери-спорттық ойынның Республикалық финалын (бұдан әрі - Ойын) 2015 жылғы 23-25 маусымда Жамбыл облысының Тараз қаласында өткізілді.

Ойын финалына қатысушылар жалпы орта және балаларға қосымша білім беру ұйымдарының командалары – облыстарда, Астана және Алматы қалаларындағы турлардың жеңімпаздары (барлығы - **128** адам).

«Жас Ұлан» республикалық ойынның мақсаты - келешек ұрпаққа патриоттық тәрбие беру бойынша жұмыстарды белсендіру, балалардың патриоттық санасын жоғары деңгейде қалыптастыру, өз Отанына деген жоғары беріктілік сезімі арқылы балалардың өз халқының тарихи-мәдениетті мұрасын құрметтеу сезімін қалыптастыру, оның ұлы жетістіктері мен лайықты өткен тарихи беттерін есте сақтау, қолданбалы спорт түрлерін дамыту, салауатты өмір салтын насихаттау.

Республикалық ойын финалында сапта жүру және оқ ату дайындығы, әскери кросс, белтемірге тартылу, жүзу бойынша жарыстар өткізілді, сонымен бірге «Ұлы Отан соғысының батыры туып-өскен жерімізде тұрады!» тарихи-өлкетану зерттеу жобасы қорғалды.

Жеке командалық жарыстарда «Үздік сапшы», «Үздік командир», «Үздік атушы», «Ең тез, айлакер, күшті», «Жауынгер жүзуші», «Ең жайдарлы», «Финал көшбасшысы» жеңімпаздар анықталды.

Жеңімпаздарға диплом мен сыйлықтар тапсырылды. Барлық қатысушыларға сертификаттар берілді.

4. Техникалық шығармашылық және өнертапқыштардың (әуе, зымыран, көлік, кеме модельдеу, робот техникасының қозғалыстағы модельдері) республикалық жарысы (бұдан әрі - Жарыс) 2015 жылғы 12-14 маусымда Павлодар қаласында өткізілді.

Жарысқа қатысушылар – облыстық, қалалық (Астана және Алматы) жарыстардың жеңімпаз командалары (барлығы - **128** адам).

Жарыс мақсаты: білім берудегі жалпы әлемдік үрдістерді есепке ала отырып, балаларға қосымша білім беру жүйесінің сапасы мен тиімділігін дамыту, арттыру, балаларға қосымша білім беру жүйесін оқу-әдістемелік қамтамасыз ету,шығармашылық құзыреттілікте, үздіксіз білім беру мен тәрбие беруде, кәсіби өзін-өзі анықтауда тұлғаның бәсекелік басымдылықтарын қалыптастыру мақсатында балаларға қосымша білім берудің ғылыми-техникалық бағыты бойынша республикалық деңгейде мектептен тыс іс-шараларды өткізу.

Жарыс аясында радиомен басқарылатын көлік, әуе, зымыран, кеме және робот жасау техникалары бойынша жарыстар өткізілді.

Республикалық жарыс аясында әуе және кеме модельдері бойынша шеберлік сыныптары өткізілді, әуе, зымыран, көлік, кеме модельдері, қолдан жасалған робот техникаларының моделдері бойынша көрме ұйымдастырылды.

Барлық қатысушыларға сертификаттар тапсырылды, ал жеңімпаздар дипломдармен және бағалы заттармен марапатталды.

Ү. Балаларға қосымша білім беру бағдарламаларын іске асыратын ұйымдардың басшылары мен педагогтеріне арналған **бюджеттен тыс біліктілікті арттыру курстары ұйымдастырылды және өткізілді.**

Жалпы **1 154** тыңдаушыны қамтыған **24 біліктілікті арттыру курстары және 1** семинар-практикум өткізілді.

1. **«Заманауи мектептердегі бейнелеу өнерінің педагогикасы»** (Алматы қ, 2015 жылғы 6-10 қаңтар).Тыңдаушылар саны - 56 адам.

2. **«Балаларға қосымша білім беру ұйымдарындағы әлеуметтік-педагогикалық бағытының қызметі. Тәжірибе және болашақ»** (Қарағанды қ, 2015 жыл18-21 ақпан).Тыңдаушылар саны - 82 адам.

3. **«Қазіргі заманғы тәлімгер: жеке тұлға, байланыс, технологиялар және ұжым»** (Алматы облысы, Есік қаласы, 2015 жылғы 23-26 ақпан) Тыңдаушылар саны - 94 адам.

4. **«Қазіргі заманғы тәлімгер: жеке тұлға, байланыс, технологиялар және ұжым»**(Оңтүстік Қазақстан облысы, Шымкент қаласы, 2015 жылғы 16-20 наурыз). Тыңдаушылар саны - 54 адам.

5. **«Вокал-хор әншілігі –тұлғаны рухани-адамгершілікке тәрбиелеу нысаны»** (Павлодар қ.,2015жылғы 5-9 қаңтар).Тыңдаушылар саны - 35 адам.

6. **«Фортепиано педагогикасы: кәсіби қызметтің теориясы мен әдістемесі»** (Астана қ, 2015жылғы 27-31 қаңтар).Тыңдаушылар саны - 61 адам.

7. **«Бейнелеу өнерін оқытудың дәстүрлі және инновациялық әдістері»** (Ақтөбе қ.,2015 жылғы 27-31 қаңтар).Тыңдаушылар саны - 52 адам.

8. **«Музыка мектептері мен өнер мектептері қызметін ұйымдастырудағы инновациялық тәсілдер»** (Астана қ., 2015 жылғы 17-21 ақпан). Тыңдаушылар саны - 36 адам.

9. **«Балалар өнер мектептері мен көркемөнер мектептерінде суретті оқыту әдістемесі»** (Астана қ, 2015ж 24-27 ақпан). Тыңдаушылар саны - 23 адам.

10. **«Балалар көркемөнер және өнер мектептерінде бейнелеу өнерін оқыту әдістемесі»** (Астана қ., 2015 жылғы24-27 наурыз). Тыңдаушылар саны - 25 адам.

11. **«Қосымша білім беру жүйесіндегі оқушылардың шығармашылық әлеуетін дамыту әдістері»** (Ақтөбе қ., 2015 жылғы 10-14 наурыз). Тыңдаушылар саны - 73 адам.

12. Республикалық семинар–практикум: **«Қосымша білім беру бағдарламаларын іске асыратын ұйымдардағы балалардың статистикалық есебін жүргізу**» (Астана қ., 2015 жылғы 27 ақпан). Тыңдаушылар саны - 83 адам.

13. **Қосымша білім беру ұйымдарында композицияны оқыту технологиясы»** (2015 жылғы 14-18 сәуір, Көкшетау қ.). Тыңдаушылар саны - 34 адам.

14. **«Вокал» пәні бойынша сабақ беру әдістемесі**» (Семей қ., 2015 жылғы 12-16 мамыр).Тыңдаушылар саны - 24 адам.

15. **«Қосымша білім беру педагогтері, жалпы білім беретін мектептердегі бейнелеу өнері және технология пәні мұғалімдері үшін «Мүсін» пәнін оқыту ерекшеліктері»** (Астана қ., 2015 жылғы 12–16 мамыр).Тыңдаушылар саны - 5 адам.

16. «**Қосымша білім берудің музыка бағытында (домбыра) балалардың әлеуметтік-тұлғалық дамуын ұйымдастырудың заманауи тәсілдері**» (Атырау қ., 2015 жылғы12-16 мамыр).Тыңдаушылар саны - 86 адам.

17. **«Білім беру ұйымдарында қолданбалы қолөнерге үйрету»** (Ақтөбе қ., 2015 жылғы 12-16 мамыр). Тыңдаушылар саны - 28 адам.

18. **«Өнердегі инновациялық педагогикалық технологиялар»** (Алматы қ., 2015 жылғы 26-30 қазан) Тыңдаушылар саны – 16 адам.

19. **«Балалар көркемөнер мектептері мен өнер мектептерінің СҚӨ сабақ өткізу технологиялары»** (Орал қ., 2015 жылғы 3-7 қараша). Тыңдаушылар саны – 91 адам.

20. **«Хореографиялық ұжым басшыларының кәсіби шеберліктерін жетілдіру»** (Қарағанды қ., 2015 жылғы 3-7 қараша). Тыңдаушылар саны – 64 адам.

21.«**Үрлемелі және соқпалы аспаптардағы ансамбльдік орындаушылықты дамыту»** (Алматы қ., 2015 жылғы 3-7 қараша). Тыңдаушылар саны – 20 адам.

